

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Қазығұрт ауданы Қазығұрт ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 7 қарашадағы № 84 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қазығұрт ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 5 қаңтарда № 31562 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабының 1 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес, және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазығұрт аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 02-05/390 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қазығұрт ауылдық округі Қазығұрт елді мекені Д.Қабашбаев көшесіндегі № 19-27 көшелерінің аумағында ұсақ малдар арасында бруцеллез ауруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қазығұрт ауданы Қазығұрт ауылдық округ әкімінің 2022 жылғы 7 қарашадағы № 84 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30495 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазығұрт ауылдық округінің әкімі

К. Садықов